

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 263-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат):

1) 3 - баптың 1 - тармағында:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебі негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

17) тармақша «реконструкциялауға» деген сөзден кейін «, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді құруға, енгізуге және дамытуға» деген сөздермен толықтырылсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) бюджеттік қамтамасыз етілу - тиісті бюджеттер қаражаты есебінен ұсынылатын, осы көрсетілетін қызметтерді алушылардың бірлігіне есептегендегі мемлекеттік қызметтер құны;»;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«31) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен аффилиирленген болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;»;

48) тармақша «өтелмеген» деген сөзден кейін «мемлекеттік емес» деген сөздермен толықтырылсын;

55) тармақшадағы «мемлекеттік реттеу жөніндегі функцияларды» деген сөздер «басшылықты және салааралық үйлестіруді» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4 - бапта:

3) тармақшадағы «және бюджеттік параметрлердің» деген сөздер алып тасталып, 8)

тармақшадағы «және бюджеттік параметрлер, базалық шығыстар болжамдарына» деген сөздер «болжамдарына, базалық шығыстарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша «басшыларының» деген сөзден кейін «және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 11-баптың 4-тармағындағы «Салық кодексінде» деген сөздер «Салық және Кеден кодекстерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төтенше резерв Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында және Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерге ресми гуманитарлық көмек көрсетуіне п а й д а л а н ы л а д ы . » ;

6-тармақтағы «соңына» деген сөз «20 желтоқсанына» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 21-баптың 2-тармағындағы «мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, қаржы активтерін және өзге де мүліктерді жинақтауға» деген сөздер «қаржы активтерін және өзге де мүліктерді жинақтау жолымен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферт мөлшері абсолюттік тіркелген мәнде айқындалады және Қазақстан Республикасының заңымен бекітіледі.»;

7) 29-баптың 1-тармағы «құжаттарын» деген сөзден кейін «, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 34-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қызмет көрсету деп мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының және өзге де жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың жекелеген функцияларын іске асыру нысандарының бірі болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жеке және заңды тұлғалардың (мемлекеттік органдарды қоспағанда) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, жеке-дара сипаттағы әрі жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (мемлекеттік органдарды қоспағанда) өтініші бойынша жүзеге а с ы р ы л а т ы н қ ы з м е т і т а н ы л а д ы .

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары мен регламенттері шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы немесе тегін негізде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің, нысанының, мазмұнының және нәтижесінің сипаттамаларын қамтитын

мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар әзірлейтін мемлекеттік қызмет көрсету стандартын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін мемлекеттік органдар әзірлейтін мемлекеттік қызмет көрсету стандартын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

9) 38-баптағы «құруға» деген сөз «қалыптастыруға» деген сөзбен ауыстырылсын;
10) 41 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «іске асыру шеңберінде республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында азаматтық-құқықтық мәміле жасалып» деген сөздер «республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында азаматтық-құқықтық мәміле жасау арқылы іске асыру шеңберінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік тапсырмалардың, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік тапсырмаларды орындауға жауапты заңды тұлғалардың тізбесін жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

11) 44 және 46-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«44-бап. Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандары

1. Бюджетаралық қатынастар:

1) республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің арасында:

трансферттермен;

бюджеттік кредиттермен;

2) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында:

трансферттермен;

бюджеттік кредиттермен;

кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.

2. Бюджет деңгейлері арасындағы трансферттер жалпы сипаттағы трансферттерге, ағымдағы нысаналы трансферттерге, нысаналы даму трансферттеріне бөлінеді.

3. Нысаналы трансферттерді және бюджеттік кредиттерді жергілікті атқарушы органдар тиісті бюджеттік бағдарламаларда айқындалған олардың нысаналы мақсатына сәйкес қана пайдаланады.

4. Нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған сомалары мемлекеттік қаржылық бақылау органының актісіне сәйкес осы трансферттер мен кредиттерді бөлген жоғары тұрған бюджетке Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бақылау актісіне қол қойылғаннан кейін бір ай ішінде міндетті түрде қайтарылуға жатады.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінгендерін қоспағанда, республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, келесі қаржы жылында пайдаланылуы (толық пайдаланылуы) мүмкін.

Облыстың жергілікті атқарушы органының резервінен бөлінгендерін қоспағанда, облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша олардың нысаналы мақсаты сақтала отырып, келесі қаржы жылында пайдаланылуы (толық пайдаланылуы) мүмкін.

6. Өткен қаржы жылында республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану кезінде үнем жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жергілікті атқарушы органдар ағымдағы қаржы жылының соңына дейін үнемделген тиісті соманы жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді пайдалану жүзеге асырылған бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштерін жақсартуға пайдалануға құқылы.

7. Өткен қаржы жылында бөлінген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары ағымдағы қаржы жылының соңына дейін, оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылуға жатады.

Республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың жергілікті атқарушы органы ағымдағы қаржы жылы одан әрі пайдалану (толық пайдалану) туралы шешім қабылдамаған нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомалары жылдың басындағы бюджет қаражатының қалдықтары есебінен ағымдағы қаржы жылының 1 наурызына дейін, оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылуға жатады.»;

«46-бап. Нысаналы трансферттер

1. Нысаналы трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттерге және нысаналы даму трансферттеріне бөлінеді.

2. Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылуы кезеңінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шегінде:

1) жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін, жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюына және (немесе) кірістерінің азаюына әкеп соғатын, заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін қабылдаудан туындайтын төмен тұрған

бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған;

2) төмен тұрған бюджеттер жоғары тұрған бюджеттерге беретін, мемлекеттік органдар функцияларының мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне берілуіне байланысты жоғары тұрған бюджет шығыстарының ұлғаюына әкеп соғатын, заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қабылдаудан туындайтын жоғары тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттер болып табылады.

3. Жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық немесе жергілікті бюджетте бекітілген сомалар шегінде беретін трансферттер нысаналы даму трансферттері болып т а б ы л а д ы .

4. Жергілікті атқарушы органдар нысаналы даму трансферттерінің сомаларын айқындау үшін тиісті жоғары тұрған органға жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі мен олар бойынша шығыстар сомалары көрсетілген өтінімдерді ұ с ы н а д ы .

5. Жергілікті бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстар берілетін нысаналы даму трансферттерінің көлемі ескеріле отырып, жергілікті бюджеттерде а й қ ы н д а л а д ы .

Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері әр объект бойынша жеке бөлінбей, бір сомада бөлінеді және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында жергілікті бюджеттерде осы мақсаттарға көзделген шығыстарды ескере отырып, жергілікті атқарушы органдар бөледі.

6. Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері өткен қаржы жылында бөлінген нысаналы даму трансферттері бойынша нәтижелер туралы келісімдерде айқындалған тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу кезінде бөлінеді. Мұндай нәтижеге қол жеткізілмеген жағдайда, кезекті қаржы жылында нысаналы даму т р а н с ф е р т і б е р і л м е й д і .

7. Жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге немесе оған техникалық-экономикалық негіздемеде немесе үлгі жобада көзделмеген қосымша құрамдас бөліктердің енгізілуіне байланысты тиісті жергілікті бюджеттің қаражаты е с е б і н е н ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

8. Нысаналы даму трансферттерін бөлу тәртібін Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і а й қ ы н д а й д ы .

9. Төмен тұрған бюджеттерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстың жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу нысаналы трансферттер т ү р і н д е ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

10. Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі төмен

тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттерді нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімнің, белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны жеке-дара қаржыландыру жоспарының негізінде а у д а р а д ы .

11. Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім: шешілуіне нысаналы трансферттер бөлінетін мақсаттар мен міндеттерді; нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілуге тиіс тікелей және түпкілікті нәтижелерді;

тиісті жергілікті атқарушы органның қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне табыс етуі туралы міндеттемені;

тараптардың шешімі бойынша айқындалатын басқа да жағдайларды қамтитын құжатты білдіреді .

12. Жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке берілетін нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі мен тиісті жергілікті атқарушы орган арасында ағымдағы қаржы жылының 20 қаңтарынан кешіктірілмей бір қаржы жылына жасалады.

13. Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттер аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері арасында одан әрі бөлінген жағдайда, облыстың жергілікті атқарушы органы аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы тиісті келісімдер жасасады.

14. Жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің көлемі өзгерген жағдайда, нысаналы трансферттердің көлемі өзгерген күннен бастап бір ай ішінде нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімге тиісті өзгерістер енгізіледі .

Егер бюджетті нақтылау кезінде қосымша нысаналы трансферттер бөлінсе, Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойғаннан кейін және мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттың шешімі бекітілгеннен кейін бір ай ішінде осы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім жасалады.

15. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы жарты жылдың және бір жылдың қорытындылары бойынша облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп береді .

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жарты жылдың және бір жылдың қорытындылары бойынша республикалық

бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісіне нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп береді.

16. Нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімді әзірлеу, нысаналы трансферттерді аудару, қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті жасау және беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

1 2) 5 3 - б а п т а :

1-тармақтың 11) тармақшасының тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;».

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға, бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға және концессиялық міндеттемелерді орындауға, халықаралық ынтымақтастыққа, қолданбалы ғылыми зерттеулерге және нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуге;»;

4-тармақ «ескеріле отырып,» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті мен» деген сөздермен толықтырылсын;

1 3) 5 4 - б а п т а :

1-тармақтың 11) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға, бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға және концессиялық міндеттемелерді орындауға;»;

1 4) 5 5 - б а п т а :

1-тармақтың 11) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға, бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға және концессиялық міндеттемелерді орындауға;»;

1 5) 5 6 - б а п т а :

1-тармақтың 9) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағында аталған бағыттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға, бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға және концессиялық міндеттемелерді орындауға;»;

16) 58-баптың 1) тармақшасындағы «және бюджеттік параметрлердің» деген сөздер алып тасталсын және 60-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы «дамуы мен бюджеттік параметрлерінің» деген сөздер «даму» деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 61 және 62-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«61-бап. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

1. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлауда өзара байланыс орнату мақсатында стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды ескере отырып, жыл сайын жылжымалы негізде бес жылдық кезеңге арнап әзірлейді және мыналарды:

1) мемлекеттік басқарудың орталық деңгейінде: жылдар бойынша бөліп көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының бес жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамын, әлеуметтік параметрлер болжамын, әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін, басымдықтарын, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерін; мыналарды:

Қазақстан Республикасының салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын; мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған бюджетінің негізгі параметрлерінің болжамдарын; республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжамды көлемін қамтуға тиіс бюджеттік параметрлердің үш жылға арналған болжамын;

2) мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде: жылдар бойынша бөліп көрсетіле отырып, өңірдің бес жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, үрдістерін, басымдықтарын, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштерін; мыналарды:

өңірдің салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын; тиісті жергілікті бюджеттердің негізгі параметрлерінің болжамдарын; жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша шығыстардың болжамды көлемін қамтуға тиіс бюджеттік параметрлердің үш жылға арналған болжамын қамтиды.

Сандық және сапалық нәтижелерді айқындау үшін негізгі бағыттар (салалар) бойынша нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштер белгіленіп, оған қол жеткізу үшін бес жылдық кезең ішінде Қазақстан Республикасының немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық саясаты бағытталуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі (жергілікті атқарушы орган) әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджеттік параметрлердің қосымша

көрсеткіштерін

енгізуі

мүмкін.

3. Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарына арналған бюджеттік параметрлердің болжамы индикативтік сипатта болады және әлеуметтік-экономикалық даму болжамының өзгерістері, бюджеттік мониторинг және нәтижелерді бағалау, басқа да ішкі және сыртқы факторлар ескеріле отырып, кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік параметрлердің болжамын әзірлеу кезінде нақтылануы мүмкін.

4. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган мақұлдайды және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

62-бап. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары

1. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының, әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізінде әр үш жыл сайын бес жылдық кезеңге әзірленеді.

2. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары мемлекеттік орган қызметінің стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын, міндеттерін, нәтижелерінің көрсеткіштерін а й қ ы н д а й д ы .

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін және қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды қоспағанда , мемлекеттік органның стратегиялық жоспары жоспарлы кезеңге қаржыландыру көлемі бар бюджеттік бағдарламаларды қамтиды.

3. Бюджеттік бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық даму болжамында бюджеттік бағдарламалар әкімшісі үшін көзделген бюджет қаражатының болжамды көлемінің шегінде әзірленеді.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын Қазақстан Республикасының Президенті немесе ол уәкілеттік берген лауазымды тұлға бекітеді.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның стратегиялық жоспарын жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Парламенті Шаруашылық басқармасының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының стратегиялық жоспарлары Қазақстан Республикасының Президенті а й қ ы н д а й т ы н т ә р т і п п е н б е к і т і л е д і .

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, мәслихаттардың аппараттары стратегиялық жоспарларды әзірлемейді.

5. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органның стратегиялық жоспары ол облыстық бюджеттен қаржыландырылатын тиісті

салалық атқарушы органмен келісілгеннен кейін бекітіледі.

Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органның стратегиялық жоспары ол тиісті салалық орталық мемлекеттік органмен келісілгеннен кейін бекітіледі.

6. Орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар республикалық бюджет бекітілгеннен кейін пысықталып, Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күннен бастап бір апта мерзімде бекітіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды қорғау қамтамасыз етіле отырып, күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарлары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері бекітілгеннен кейін пысықталып, ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін бекітіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды қорғау қамтамасыз етіле отырып, күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға ж а т а д ы .

Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарлары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті бекітілгеннен кейін пысықталып, келесі қаржы жылының 10 қаңтарына дейін бекітіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды қорғау қамтамасыз етіле отырып, күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ж а р и я л а н у ғ а ж а т а д ы .

7. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар е н г і з у г е :

- 1) Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не өзгерістер енгізілген;
- 2) жаңа стратегиялық және бағдарламалық құжаттар қабылданған не өзгерістер е н г і з і л г е н ;
- 3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымы өзгерген;
- 4) көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал ететін республикалық немесе жергілікті бюджеттердің параметрлері өзгерген жағдайларда жол беріледі.

Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, стратегиялық жоспарларды әзірлеу және бекіту кезінде осы Кодексте белгіленген талаптар сақталады.

Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына бюджетті нақтылаумен байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, бюджетті, стратегиялық

жоспарларды әзірлеу және бекіту кезінде осы Кодексте белгіленген талаптар сақталады

Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына қаржыландыру көлемінің өзгеруіне байланысты өзгерістер мен толықтырулар жобаларын тиісті бюджет комиссиясы қарайды.»;

18) 65-баптың 1-тармағындағы «дамудың және бюджеттік параметрлердің» деген сөздер «даму» деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 66-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«66-бап. Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынатын құжаттар

1. Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын және бюджеттік өтінімдерді ұсынады. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінімдер ұсынады.

2. Нәтижелерге бағалау жүргізілген жағдайда, осы бапта көрсетілген құжаттарға бағалау нәтижелері қоса беріледі.

3. Осы бапта көрсетілген құжаттар ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейін беріледі.»;

20) 67 - б а п т а :

4-тармақтағы «қызмет көрсетулер тізіліміне сәйкес мемлекеттік» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) стратегиялық жоспар жобасының, стратегиялық жоспардың немесе стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар жобасының құрамына енгізілген әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есеп-қисаптар;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Егер бюджеттік бағдарламалар әкімшісі стратегиялық жоспардың жобасында немесе стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар жобасында қосымша шығыстарды немесе бюджет кірістерін қысқартуды қажет ететін нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынса, онда бюджеттік өтініммен бір мезгілде тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасы е н г і з і л е д і . » ;

11-тармақтағы «дамудың және бюджеттік параметрлердің» деген сөздер «даму» деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 68 - б а п т а :

тақырыптағы «жобалары мен» деген сөздер «жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын және» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ,

1 - т а р м а қ т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :

«жобалары мен» деген сөздер «жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын және» деген сөздермен ауыстырылсын;
«дамудың және бюджеттік параметрлердің» деген сөздер «даму» деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші бөліктегі «жобалары мен» деген сөздер «жобалары немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобалары және» деген сөздермен ауыстырылсын ,

2-тармақтың екінші бөлігі «стратегиялық жоспарлардың жобаларымен» деген сөздерден кейін «немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларымен» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы «стратегиялық жоспарлар мен бюджеттік өтінімдердің жобаларын» деген сөздер «стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын және бюджеттік өтінімдерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 70-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібін тиісті саланың (аяның) орталық мемлекеттік органы әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

23) 72-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы «республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттеріне» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 73-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы «аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына» деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 74-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

1) тармақшадағы «дамуының және бюджеттік параметрлерінің» деген сөздер «даму» деген сөзбен ауыстырылсын ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын;»;

26) 75-баптың 1-тармағының үшінші бөлігінде:

1) тармақшадағы «дамуының және бюджеттік параметрлерінің» деген сөздер «даму» деген сөзбен ауыстырылсын ;

2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын;».

27) 77-баптағы және 78-баптың 5-тармағындағы «дамуының және бюджеттік параметрлерінің» деген сөздер «даму» деген сөзбен ауыстырылсын;

28) 79 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «екі» деген сөз «бір» деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і б ө л і к т е :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана арасында төмен тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттер мен кредиттер бөлу;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің жалпы сомасын резерв түрлері бойынша бөлу;» ;

2) тармақша «арналған» деген сөзден кейін «республикалық» деген сөзбен толықтырылсын ;

4) тармақша алып тасталсын ;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

1) тармақша «төмен тұрған» деген сөздердің алдынан «аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) арасында» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жергілікті атқарушы орган резервінің жалпы сомасын резерв түрлері бойынша бөлу ; » ;

2) тармақша «арналған» деген сөзден кейін «жергілікті» деген сөзбен толықтырылсын ;

4) тармақша алып тасталсын;

29) 94-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасы «активтерін сатудан түсетін түсімдерді» деген сөздерден кейін «, қарыздарды» деген сөзбен толықтырылсын;

30) 96 - б а п т а :

5-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдар мен басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын дайындау құны шарт құнына енгізілген объектілерден басқа, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы міндетті түрде болған кезде жүргізіледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның

резервінен бюджет ақшасын бөлу, сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде бұрын тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге қосымша келісімдерді тіркеу жағдайларын қоспағанда, азаматтық-құқықтық мәмілелерді ағымдағы қаржы жылының 20 желтоқсанынан кейін тіркеуге жол берілмейді.»;

3 1) 9 7 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі:

төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына;

тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге;

бірыңғай бюджеттік сыныптамаға;

толтырудың нысаны, толықтығы және дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына төлеуге берілетін шоттардың сәйкестігін тексеруге саятын төлемдерді төлеу кезіндегі ағымдағы бақылауды жүзеге а с ы р а д ы .

Аванстық төлем сомасын қоспағанда, тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлем жүргізу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі тауарларды жеткізу туралы шот-фактура немесе жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрі көшірмелерінің б а р - ж о ғ ы н т е к с е р е д і .

Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу құны шарт құнына енгізілген, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шығыстар бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі аванстық төлемнен кейінгі төлем жүргізу кезінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының бар-жоғын қосымша тексереді.»;

6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні ө з г е р м е й д і ;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне осы баптың 5-тармағында көрсетілген, тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды табыс етуін қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған жауапты болады.»;

3 2) 1 0 0 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

2) т а р м а қ ш а д а :

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі төлеуге берілетін шоттарды бюджеттік кредит бойынша берешектің сомасын қайтаруға оны бөлген жоғары тұрған бюджетке ұсынғанға дейін жүзеге асырылады. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу және төлемдерді жүргізу жөніндегі операцияларды тоқтата тұру жалақы төлеу және басқа да ақшалай төлемдер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы, жәрдемақылар, алименттер төлеу, салық және әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын аудару, банктік қызмет көрсетуге ақы төлеу жүзеге асырылатын шығыстардың түрлерін қоспағанда, тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі аппаратының қызметін қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырылады;»;

33) 102-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін өз билігінде қалатын ақшаның есебінен операцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекеме жыл сайын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) олардың түрлері бойынша өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышы негізінде жасайды.»;

34) 104-баптың 4-тармағында:

2) тармақша алып тасталсын;

4) тармақшадағы «қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін.» деген сөздер «қаржыландыруға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) республикалық немесе облыстық бюджеттен бөлінген, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган олар бойынша ағымдағы қаржы жылы одан әрі пайдалану (толық пайдалану) туралы шешім қабылдамаған нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтаруға пайдаланылуы мүмкін.»;

35) 105-баптың 1-тармағында:

«міндеттеріне» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті қаулыларында көрсетілген мақсаттарға» деген сөздермен толықтырылсын;

«пайдалануы» деген сөзден кейін «, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервінен бөлінген қаражатты пайдалануы» деген сөздермен толықтырылсын;

36) 106-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы «4-тармағында» деген сөзден кейін «, 20-бабының 5-тармағында» деген сөздермен толықтырылсын;

3 7) 1 0 7 - б а п т а :

4-тармақ «уәкілетті органға» деген сөздерден кейін «, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, стратегиялық жоспарға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын және» деген сөздермен толықтырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

«уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «стратегиялық жоспарға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын және» деген сөздермен толықтырылсын;

«ішінде» деген сөзден кейін «стратегиялық жоспарға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын және» деген сөздермен толықтырылсын;

38) 108-баптың 4-тармағындағы «Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойғаннан» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қол қойылғаннан» деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 109-баптың 5-тармағындағы «мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімге қол қойылғаннан» деген сөздер «мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жергілікті атқарушы органның қаулысы қабылданғаннан» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 0) 1 1 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер жүргізілген түзетуден кейін бюджетті нақтылау жүргізілсе, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, бюджеттің түзетілген көрсеткіштері нақтыланған бюджетте көрсетіледі.»;

2 - т а р м а қ т ы ң 1) т а р м а қ ш а с ы н д а :

«функциялары» деген сөзден кейін «мен штат санының лимиттері» деген сөздермен толықтырылсын;

«бөлуді» деген сөзден кейін «, қысқартуды (ұлғайтуды)» деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а :

«функциялары» деген сөзден кейін «мен штат санының лимиттері» деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«бөлуді» деген сөзден кейін «, қысқартуды (ұлғайтуды)» деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қаржы жылы ішінде төмен тұрған бюджетке Қазақстан Республикасы
Үкіметінің және облыстың жергілікті атқарушы органының резервтерінен қаражат
бөлінген, сондай-ақ қаржы жылы ішінде төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған
бюджетте көзделген бөлінетін бюджеттік бағдарламалардан қаражат бөлінген;»;

41) 112-баптың 1-тармағындағы «, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар
әкімшілерінің стратегиялық жоспарларында айқындалған нәтиженің көрсеткіштері
бойынша деректерді» деген сөздер алып тасталсын;

42) 113-баптың 1-тармағындағы «талдау, оның ішінде стратегиялық жоспар мен
бюджеттік бағдарламалардың жоспарлануын және іске асырылуын бағалау» деген
сөздер «стратегиялық жоспар мен бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын
бағалау негізінде талдау» деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 124-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы тоғызыншы
а б з а ц п е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«стратегиялық жоспар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің
бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есебін;»;

44) 125-баптың 1-тармағындағы «тіркелген» деген сөз «қабылданған» деген сөзбен
ауыстырылсын;

45) 126-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы «бірінші наурызына» деген
сөздер «15 ақпанына» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 6) 1 2 7 - б а п т а :

1-тармақтағы «1 сәуірінен» деген сөздер «25 наурызынан» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы «және бюджеттік өлшемдерде» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтағы «1 мамырынан» деген сөздер «20 сәуірінен» деген сөздермен
ауыстырылсын;

47) 128 және 130-баптардың 2-тармақтарының екінші абзацтарындағы, 129 және
131-баптардың 3-тармақтарындағы «және бюджеттік өлшемдерде» деген сөздер алып
тасталсын;

48) 135-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қаржылық бақылауды мемлекеттік қаржылық бақылау органдары
Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын бақылау объектілерінің
бұзуын анықтау, жою және оған жол бермеу мақсатында жүзеге асырады.»;

49) 138-баптың 3) тармақшасында:

«бағдарламалардың» деген сөзден кейін «, аумақтарды дамыту бағдарламаларының
» деген сөздермен толықтырылсын;

«, әлеуметтік саланың немесе жеке алғанда мемлекеттік басқару саласының (аясының)» деген сөздер «немесе жеке алғанда экономика саласының, әлеуметтік саланың, мемлекеттік басқарудың басқа салаларының» деген сөздермен ауыстырылсын ;

50) 139-баптың 1) және 2) тармақшаларындағы «тексеру» деген сөз «бақылау» деген сөзбен ауыстырылсын;

51) 140-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«140-бап. Бақылау нәтижелері бойынша қабылданатын актілер

Бақылау нәтижелері бойынша мынадай актілер қабылданады:

1) сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдары және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі орган:

бақылау актісі – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері
б о й ы н ш а ж а с а ғ а н құ ж а т ;

бақылаудың қорытындылары туралы есеп – белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі
бақылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы мемлекеттік қаржылық
ба қ ы л а у о р г а н д а р ы ж а с а ғ а н құ ж а т ;

қаулы – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
мен мәслихаттың тексеру комиссиясы қабылдайтын, бақылау нәтижелерін растайтын
және ол арналған барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар
орындауға міндетті шешімдерді қамтитын құжат;

қорытынды – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп
комитетінің және мәслихаттың тексеру комиссиясының бақылау актілері және (немесе)
аудиторлық есептер негізінде жасалатын құжаты;

ұсыну – анықталған бұзушылықтарды және жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін
бақылау объектілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға жіберілген мемлекеттік
қаржылық бақылау органдарының орындауға міндетті құжаты;

2) і ш к і б а қ ы л а у қ ы з м е т і :

ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытынды – жүргізілген бақылау
қорытындылары бойынша жасалатын, ішкі бақылау қызметі және ішкі бақылау
о б ъ е к т і с і қ о л қ о я т ы н құ ж а т ;

ішкі бақылау нәтижелері туралы есеп – ішкі бақылау нәтижелері бойынша
қорытынды негізінде жасалған, жұмыс тиімділігін арттыру, ішкі бақылау объектісі
қызметінің тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ішкі
рәсімдерді, қағидаларды, процестерді жақсарту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын,
мемлекеттік органның басшысына табыс етілетін құжат.

Ішкі бақылау қызметі ішкі бақылау нәтижелері туралы есептің негізінде
мемлекеттік органның басшысы ішкі бақылау қорытындылары бойынша қабылдайтын

құжаттың жобасы болып табылатын, ішкі бақылау объектісінің жұмыста анықталған бұзушылықтар мен кемішіліктерді жоюы, сондай-ақ ондағы ұсынымдарды орындауы үшін міндетті болатын ұсыну жобасын жасайды.»;

5 2) 1 4 1 - б а п т а :

б) тармақша «Қазақстан Республикасының Парламентіне» деген сөздерден кейін «қарау мен бекіту және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат үшін» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-1) және 18-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;»;

«18-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі орган республикалық бюджеттің атқарылуы бөлігінде жүргізген бақылау нәтижелері бойынша қабылданған актілерді сұратуға құқылы;»;

21) тармақшадағы «ұсынымдар енгізеді,» деген сөздерден кейін «сыртқы» деген сөзбен толықтырылсын;

5 3) 1 4 2 - б а п т а :

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ішкі бақылау жөніндегі орган жергілікті бюджеттің атқарылуы бөлігінде жүргізген бақылау нәтижелері бойынша қабылданған актілерді сұратуға құқылы;»;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсынымдар енгізеді;»;

5 4) 1 4 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) ішкі бақылау объектісіне ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытынды енгізеді;

9-2) мемлекеттік органның басшысына ішкі бақылау нәтижелері туралы есепті және ұсыну жобасын енгізеді;»;

10) тармақша алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтері облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын тиісті атқарушы органдарда, сондай-ақ оларға ведомстволық бағынысты ұйымдарда ішкі мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асырады.

Аудандардың (облыстық бар маңызы қалалардың) атқарушы органдарында ішкі

мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізген кезде облыстық деңгейдегі ішкі бақылау қызметі ішкі мемлекеттік қаржылық бақылау жүргізілген ауданның (облыстық бар маңызы қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік органның бірінші басшысына бақылау нәтижелері туралы есепті және ұсыну жобасын табыс етеді.»;

55) 145-баптың 1-тармағындағы «жоспарлары» деген сөз «жоспарлар туралы, олар бекітілгенге дейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

5 6) 1 4 6 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасы «қарсылық» деген сөзден кейін «(ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытынды)» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бақылау актісін (ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытындыны) жүргізілген бақылау нәтижелерімен танысуға берген күннен бастап үш күн мерзімде белгіленген тәртіппен бақылау актісіне (ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытындыға) қол қоюға құқылы. Нәтижелермен келіспеген жағдайда, бақылау актісіне (ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытындыға) қарсылықтың болуы туралы ескертпемен қол қойылады. Бақылау актісіне (ішкі бақылау нәтижелері бойынша қорытындыға) қарсылық білдіру осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында айқындалған мерзімде ұсынылады;»;

57) 8-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«8-БӨЛІМ. БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

30-тарау. БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ЖОСПАРЛАУ

151-бап. Бюджеттік инвестициялар туралы жалпы ережелер

1. Бюджеттік инвестициялар:

1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру;

2) концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру;

3) мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

2. Шешілетін міндеттердің маңыздылығы деңгейіне қарай бюджеттік инвестициялық жобалар және бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобалар республикалық және жергілікті болып бөлінеді.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды және бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларды айқындау критерийлері:

1) меншік түрі бойынша критерий - бюджеттік инвестициялық жобаны немесе бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаны іске асыру нәтижесінде алынған мүлікке туындайтын меншік (республикалық немесе коммуналдық) құқығына байланысты оны республикалық немесе жергілікті бюджеттік инвестициялық жоба немесе бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жоба ретінде айқындайтын критерий;

2) пайда алушылар бойынша критерий - егер бюджеттік инвестициялық жобаның және (немесе) бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаның іске асырылуынан экономикалық пайда алушылар екі және одан да көп облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылса, бюджеттік инвестициялық жобаны немесе бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаны - республикалық, ал егер бюджеттік инвестициялық жобаны немесе бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаны іске асырудан экономикалық пайда алушылар бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болған жағдайда, жергілікті ретінде айқындайтын критерий б о л ы п т а б ы л а д ы .

4. Бюджеттік инвестициялық жобаны немесе бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаны республикалық ретінде айқындау үшін оның осы баптың 3-тармағында көрсетілген критерийлердің біріне сәйкестігі жеткілікті болады.

5. Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды және бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларды облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) деп сыныптау осы баптың 3-тармағында көзделген критерийлер негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

6. Республикалық бюджеттік инвестициялық жобаларды және бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларды орталық мемлекеттік органдар республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асырады.

7. Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды және бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларды жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырады.

152-бап. Бюджеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау
Бюджеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау үш кезеңде:

- 1) инвестициялық ұсыныстар әзірлеу;
- 2) бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу;
- 3) бюджетті әзірлеу сатысында бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу кезеңінде жүзеге асырылады.

153-бап. Инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу

1. Инвестициялық ұсыныстарды әзірлеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын әзірлеу сатысында жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Инвестициялық ұсыныстар салалық сараптамадан өткізілуге жатады.

3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері инвестициялық ұсыныстарды қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

4. Инвестициялық ұсыныстар:

- 1) бюджеттік инвестициялық жоба бойынша жалпы ақпаратты;
- 2) жоба мақсаттарының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген экономика саласын (аясын) дамыту басымдықтарына сәйкестігі туралы ақпаратты;
- 3) бюджеттік инвестициялық жобаның мақсаттарына қол жеткізудің балама нұсқаларын;
- 4) бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылған немесе мұндай іске асыру болмаған жағдайда, экономика саласының (аясының) ықтимал даму нұсқаларын;
- 5) бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудан түсетін пайданы бөлу туралы ақпаратты;

6) бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың экономиканың сабақтас салаларына (аясына) болжамды әсерін бағалауды қамтуға тиіс.

5. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынылатын инвестициялық ұсыныстардың негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

6. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық ұсыныстарды қараудың және іріктеудің тиісті әдістемелері бойынша, оның ішінде шығындар мен пайданы талдау негізінде (осы әдістемені қолдану мүмкін болған жағдайда) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің инвестициялық ұсыныстарын қарайды және олар бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссияларының қарауына енгізеді.

7. Бюджет комиссиялары мақұлдаған инвестициялық ұсыныстардағы инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган олар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады.

8. Инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

154-бап. Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу және бюджетті әзірлеу сатысында бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу

1. Бюджеттік инвестициялық жобаны қарауды және іріктеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын талаптарға сәйкес әзірленген техникалық-экономикалық негіздеме негізінде жүзеге асырады.

техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінің;

бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша экономикалық сараптаманың оң қорытындысының; тиісті бюджет комиссиясының оң қорытындысының болуы бюджеттік инвестициялық жобаларды бюджет жобасына енгізу үшін негіз болып табылады.

3. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі пайда мен шығындарды экономикалық талдау негізінде жүргізілетін бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырылатындығы мен тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтиды.

Техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға алып келетін бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен қажетті сараптамалар жүргізіле отырып, бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізіледі.

4. Үлгі жобалар, үлгі жобалық шешімдер және қайта қолданылатын жобалар бойынша құрылысы көзделіп отырған, техникалық жағынан күрделі болып табылмайтын жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейді.

Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобалардың тізбесін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Бюджеттік инвестициялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерін растау үшін техникалық-экономикалық негіздеме Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген экономикалық және басқа да сараптамадан өтуге тиіс.

6. Бюджеттік инвестициялық жобаның экономикалық сараптамасы салалық сараптаманың, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалардың қорытындылары негізінде жүргізіледі, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаны экономикалық талдауды кешенді бағалаудың міндетті нысаны болып табылады.

7. Басқа мемлекеттердің аумағында іске асыруға жоспарланып отырған, сондай-ақ құрылыс қызметін көздемейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасы техникалық-экономикалық негіздеменің және оған салалық орган сараптамасының қорытындысы негізінде жүргізіледі.

8. Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге

а с ы р а д ы .

9. Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен қаржыландыруға жоспарланатын жобалардың экономикалық сараптамасын жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

10. Бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыру үшін айқындалған заңды тұлғалар бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі ұсынылатын шешімдердің экономикалық сараптамасының сапасы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

11. Қажет болған жағдайда экономикалық сараптаманы жүзеге асыру үшін айқындалған заңды тұлғалар жүргізілген сараптамаларда қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптама, сондай-ақ тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы.

12. Экономикалық сараптаманың нәтижелері бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекітеді.

13. Бюджеттік инвестициялық жобаларды, оның ішінде техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін, сондай-ақ сметалық құнын ұлғайту көзделетін бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

155-бап. Концессиялық жобаларды жоспарлау

Концессиялық жобаларды жоспарлау мынадай үш кезеңде жүзеге асырылады:

- 1) концессиялық ұсыныстарды әзірлеу және іріктеу;
- 2) концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу;
- 3) бюджеттен қоса қаржыландыруға жататын концессиялық жобаларды іріктеу.

155-1-бап. Концессиялық ұсыныстарды әзірлеу және іріктеу

1. Концессиялық ұсыныстарды әзірлеу және іріктеу Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары және жергілікті атқарушы органдар концессиялық ұсыныстардың негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық ұсыныстарды концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымға экономикалық сараптамаға жібереді және оның оң қорытындысы негізінде концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу жөніндегі ұсыныстарды тиісті бюджет комиссияларының қарауына енгізеді.

4. Бюджет комиссиялары мақұлдаған концессиялық ұсыныстардағы концессиялық

жобалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын концессиялық жобалардың тізбесін қалыптастырады.

155-2-бап. Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу

1. Бюджет комиссиялары мақұлдаған концессиялық ұсыныстардағы концессиялық жобалар бойынша концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету жүзеге асырылады.

Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасы нәтижелерін ескере отырып және стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес жыл сайын жылжымалы негізде үш жыл мерзімге концессияға ұсынылатын объектілердің тізбесін қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымның концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасының бюджеттен осы жобаны қоса қаржыландыру туралы ұсынымы бар оң қорытындысы негізінде концессиялық жобаны бюджеттен қоса қаржыландыру жөніндегі ұсынысты тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

4. Концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

155-3-бап. Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

1. Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті уәкілетті органның бөлінетін бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөнінде қызметтер көрсетуге арналған қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджет комиссиялары мақұлдаған әрбір концессиялық жобаны консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі

уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің тізбесін қалыптастырады.

155-4-бап. Бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларды бюджет жобасына енгізу негіздері

1. М ы н а л а р д ы ң :

бюджеттен қоса қаржыландыру шарты айқындалатын концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің;

концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымның экономикалық сараптамасының оң қ о р ы т ы н д ы с ы н ы ң ;

жоспарлы кезеңге концессияға беру ұсынылатын объектілер тізбесіндегі к о н ц е с с и я л ы қ ж о б а н ы ң ;

Қазақстан Республикасының концессиялар туралы заңнамасына сәйкес құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган жанындағы консультативтік-кеңесші орган ұсыныстарының;

бюджет комиссиясының бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаны бюджет жобасына енгізу туралы ұсыныстарының болуы бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаны бюджет жобасына енгізу үшін негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Концессиялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерін растау үшін техникалық-экономикалық негіздеме экономикалық сараптамадан өтуге т и і с .

3. Концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасын концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым жүргізеді.

4. Концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым концессиялық жобаны іске асыру жөнінде ұсынылатын шешімдердің экономикалық сараптамасының сапасы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

156-бап. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды ж о с п а р л а у

1. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген осы заңды тұлғаларды дамытудың стратегиялық құжаттары болған кезде жүзеге асырылады.

2. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға мемлекеттің заңды тұлғалардың

жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру туралы ұсыныстарын және олардың қаржы-экономикалық негіздемелерін енгізеді.

Бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі заңды тұлғалардың жарғылық капиталына бюджет қаражатын салудың негіздемесін, орындылығын және нәтижесін бағалауды қамтитын құжатты білдіреді.

Заңды тұлғаның қызметін дамыту немесе кеңейту мақсаттары үшін заңды тұлғаның жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен ұлғайтуға жол беріледі.

3. Мемлекеттің ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтің жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруы кезінде аталған заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары жоқ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдинг акцияларының эмиссиясын төлей алады.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың осы әкімшілері тиісті бюджеттік бағдарламалардың жоспарлануын, негіздемесін және іске асырылуын, осы Кодекске сәйкес олар бойынша нәтижелердің есептілігін, мониторингін және бағалануын қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы іске асыруға жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іріктеуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесі жөніндегі экономикалық сараптаманың қорытындысы негізінде жүзеге асырады.

5. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасын республикалық бюджеттің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады.

6. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасын жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

7. Қаржылық-экономикалық негіздеменің мазмұнына, әзірлену тәртібі мен мерзіміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестицияларды іріктеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

31-тарау. БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

157-бап. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

1. Бюджеттік инвестициялық жобалар олардың белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелеріне сәйкес іске асырылады.

2. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде көзделетін құрылыс қызметі белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде көзделетін шет мемлекеттер аумағындағы құрылыс қызметі осы жоба аумағында іске асырылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілетін жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бірыңғай техникалық параметрлері бар инвестициялық жобалар бойынша үлгілік жоба әзірлеу жүзеге асырылады.

Үлгі жобаларды әзірлеуді және оларға сараптама жүргізуді қаржыландыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде үлгі жобаларды қолдану құрылыстың нақты алаңына бекіту жолымен жүзеге асырылады.

5. Бюджеттік инвестициялық жобалардың құнын бюджет комиссиясы қарамай және оның ұсынысынсыз ұлғайтуға жол берілмейді.

6. Республикалық немесе жергілікті бюджетке енгізілмеген бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге жол берілмейді.

7. Бюджеттік инвестициялық жобаның бюджеттен қосымша шығыстарға әкеп соғатын жобалау-сметалық құжаттамасын тиісті бюджет нақтыланбай түзетуге жол берілмейді.

8. Бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеде көзделмеген бюджеттік инвестициялық жобаның жобалау-сметалық құжаттамасына қосымша құрамдас бөліктерді енгізуге жол берілмейді.

9. Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын аяқталған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган жүргізеді.

Жергілікті бюджет, оның ішінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалауды жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген орган жүргізеді.

10. Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторингті және олардың іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жаңа объектілер құру (салу), жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау және кейіннен оларды пайдалану кезеңінде жүзеге асырады.

Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартуға құқылы.

Бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

158-бап. Бюджеттен концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру

1. Бюджеттен концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялар концессия шартының негізінде іске асырылады.

2. Бюджеттен концессиялық жобаларды қоса қаржыландыруды концедент тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде жүргізеді.

3. Бюджеттен концессиялық жобаларды қоса қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға мониторингті және олардың іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жаңа объектілер құру (салу), жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау және кейіннен оларды пайдалану кезеңінде жүзеге асырады.

Бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартуға құқылы.

Бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

159-бап. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру

1. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

2. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайтуға және олардың еншілес ұйымдарының жарғылық капиталын ұлғайтуға заңды тұлғалардың жарияланған акцияларын төлеуге ақша аудару бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті куәлігімен расталатын жарияланған акцияларын (бағалы қағаздарды) шығару мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларға мониторингті және олардың іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік

инвестицияларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартуға құқылы.

Мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

58) 162 және 163-баптардың 1-тармақтарының 2) тармақшаларындағы «белгілеу негізінде жүзеге асырылады.» деген сөздер «белгілеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшалармен толықтырылсын:

«3) жасалған концессия шарты негізінде жүзеге асырылады.»;

59) 183-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі «тәртібі мен өлшемдерін» деген сөздер «тәртібін» деген сөзбен ауыстырылсын;

60) 196-баптың 2-тармағы «жарияланған жағдайда» деген сөздерден кейін «республикалық бюджет туралы заңның негізінде» деген сөздермен толықтырылсын;

61) 203-баптың 1-тармағында:

2) тармақшада:

«және жергілікті атқарушы органның борышын» деген сөздер алып тасталсын;

«лимиттерін» деген сөзден кейін «және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті атқарушы органдар борышының лимиттерін» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы «мемлекеттік қарыздарды және мемлекеттің оның кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты талаптарды тіркеуін» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік қарыздарды тіркеуін және есепке алуын және мемлекеттің оның кепілдіктері мен кепілгерліктері бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты талаптарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

62) 206-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшадағы «инвестициялық» деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

«3-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер түрінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алушы болып әрекет ететін қарызға қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз мемлекеттік қазынашылық міндеттеме болып табылады.

3-2. Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі нарықта шығаратын мемлекеттік

қазынашылық міндеттемелер шығару, орналастыру, айналымы, оларға қызмет көрсету және оларды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

63) 215-баптың 3-тармағындағы «жарғылық капиталына мемлекеттің жүз процент қатысуымен құрылған» деген сөздер «мемлекеттік кепілдік беру кезінде жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуы бар» деген сөздермен ауыстырылсын;

64) 216-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын екінші деңгейдегі банк кепілдігінің не сақтандыру шартының б о л у ы .

Банк кепілдігі қарыз шартының бүкіл қолданылу мерзіміне бір рет беріледі және негізгі борыш сомасын, сондай-ақ сыйақылардың, комиссиялардың, тұрақсыздық айыптарының (өсімақының, айыппұлдың) барлық сомасын және қарыз шартына сәйкес қарыз алушы жүзеге асыратын өзге де төлемдерді жабады.

Сақтандыру шарты жоба бойынша қарыз алушыны дефолтқа және мемлекеттің мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерін орындауына әкеп соқтыруы мүмкін тәуекелдерді сақтандыруды қамтамасыз етуге тиіс;»;

65) 217-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«217-бап. Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу

1. Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге немесе түзетуге және оның экономикалық сараптамасына қойылатын талаптарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

3. Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады.»;

6 6) 2 2 9 - б а п т а :

4) тармақша «органның» деген сөзден кейін «жобаның қаржылық сараптамасы бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) экономикалық сараптаманың оң қорытындысының болуы;»;

67) 230-баптың тақырыбы және мәтіні «беру» деген сөзден кейін «немесе лимит көлемін ұлғайту» деген сөздермен толықтырылсын;

68) 233-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«233-бап. Мемлекет кепілгерлігін орындау

1. Кепілгерге міндеттемелерді орындау жөніндегі талаптар қарызды өтеу күні басталған күннен бастап алты ай ішінде қойылуы мүмкін.

2. Мемлекеттің кепілгерлігі қарыз алушыдан берешекті өндіріп алу жөніндегі барлық орынды шараларды қарыз беруші қабылдағаннан кейін және (немесе) қарыз алушы банкрот деп танылған не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ол таратылған жағдайда, орындалуға жатады.

Мемлекет кепілгерлігін орындау республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат шегінде мемлекет кепілгерлігін орындау жөніндегі талаптар қойылған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.

3. Егер қарыз алушы төлеу мерзімі өтетін күні мемлекет кепілгерлігімен тартылған қарыз бойынша міндеттемелерін өтемесе, кепілгер мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға құқылы. Бұл жағдайда кепілгер қарыз алушыға кері талап қояды.

Мемлекет кепілгерлігі бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен республикалық бюджетке қайтарылуға жатады.»;

69) 245-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

70) мазмұнында:

61-баптың тақырыбындағы «және бюджеттік параметрлердің» деген сөздер алып тасталсын;

68, 152, 154 және 155-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«68-бап. Стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулар жобаларын және бюджеттік өтінімдерді қарау»;

«152-бап. Бюджеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау»;

«154-бап. Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу және бюджетті әзірлеу сатысында бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу

155-бап. Концессиялық жобаларды жоспарлау»;

мынадай мазмұндағы бір жүз тоқсан алтыншы, бір жүз тоқсан жетінші, бір жүз тоқсан сегізінші және бір жүз тоқсан тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

«155-1 бап. Концессиялық ұсыныстарды әзірлеу және іріктеу

155-2-бап. Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу

155-3-бап. Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

155-4-бап. Бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен концессиялық жобаларды

бюджет жобасына енгізу негіздері»;

230-баптың тақырыбы «беру» деген сөзден кейін «немесе лимит көлемін ұлғайту» деген сөздермен толықтырылсын.

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 жылғы 6 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балық шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

13-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы және 20-баптың 1-тармағының 7) және 21) тармақшаларындағы «уәкілетті орган бекіткен» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат);

№

22,

94 - құжат);

3 - баптың

3 - тармағында:

1 - 3)

тармақшада:

«мемлекеттік қызмет көрсету» деген сөздер «мемлекеттік қызметтер көрсету» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мемлекеттік қызмет көрсетуге» деген сөздер «көрсетілетін мемлекеттік қызметке» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-4) және 1-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-4) мемлекеттік қызмет көрсету регламенті - мемлекеттік қызмет стандартының сақталуына қойылатын талаптарды белгілейтін және мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының, мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды адамдардың, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік қызмет көрсетуінің тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт.

Мемлекеттік қызмет регламенті мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының және өзге де жеке және заңды тұлғалардың іс-қимылының (өзара іс-қимылының) сипаттамасын да белгілейді;

1-5) мемлекеттік қызметтер көрсету тізілімі – көрсетілген мемлекеттік қызметтерді алушыларды, олардың көрсетілуін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдарды және ұйымдарды көрсете отырып, республикалық және жергілікті деңгейде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үнемі жаңартылып отыратын тізбесін және басқа да сипаттамаларды қамтитын нормативтік құқықтық акт;».

4. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 379-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; 2007 ж., № 12, 86-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат):

1) 1 - б а п т а :

2-2 және 2-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2. Мемлекеттік қызмет көрсету - мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының және өзге де жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардың жекелеген функцияларын іске асыру нысандарының бірі болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, жеке және заңды тұлғалардың (мемлекеттік органдарды қоспағанда) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, жеке сипаттағы әрі жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (мемлекеттік органдарды қоспағанда) өтініші бойынша жүзеге асырылатын қызметі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мемлекеттік қызметтер көрсетудің стандарттары мен регламенттері шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы немесе тегін негізде көрсетіледі.

2-3. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты – мемлекеттік қызмет көрсету процесінің, нысанының, мазмұны мен нәтижелерінің сипаттамасын қамтитын мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акт. » ;

мынадай мазмұндағы 2-6-тармақпен толықтырылсын:

«2-6. Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті – мемлекеттік қызмет стандартының сақталуына қойылатын талаптарды белгілейтін және мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының, мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды адамдардың, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік қызмет көрсетуінің тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт.

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының және өзге де жеке және заңды тұлғалардың іс-қимылының (өзара іс-қимылының) сипаттамасын да белгілейді.»;

2) 2-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жүзеге асырылу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін стратегиялық, бюджеттік және экономикалық жоспарлау түрлеріне қолданылмайды.»;

3) 9, 9-1 және 15-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«9-бап. Мемлекеттік органдардың жұмысын жоспарлау

1. Мемлекеттік органдар өз қызметін стратегиялық және операциялық жоспарларға, сондай-ақ қажет болған жағдайда тоқсанға, бір жылға және ұзақ мерзімді перспективаға арналып жасалатын жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін мемлекеттік органдар өз қызметін тоқсанға, бір жылға және ұзақ мерзімді перспективаға арналып жасалатын жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның жұмыс жоспарлары органның құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде және құқықтық және нормативтік құқықтық актілерді орындау үшін алдын ала жасалады.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері өз жұмыс жоспарларын осы органның жұмыс жоспарының негізінде жасайды.

9-1-бап. Регламент және стандарт

1. Мемлекеттік орган өз қызметін ұйымдастыру және оның ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламент қабылдайды.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасына бірыңғай талаптарды қамтамасыз ету үшін орталық мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер үшін стандарттар әзірлейді.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган әзірлейтін мемлекеттік қызмет көрсету стандартын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін мемлекеттік орган әзірлейтін мемлекеттік қызмет көрсету стандартын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік стандарт негізінде әзірленеді.

Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

4. Мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының және мемлекеттік қызмет көрсететін өзге де жеке және заңды тұлғалардың қызметін ұйымдастыру үшін мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттерін әзірлейді және бекітеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне бірнеше мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары және өзге де жеке және заңды тұлғалар қатысқан кезде мемлекеттік қызмет көрсету регламентін мемлекеттік органдар бірлесіп

әзірлейді

және

бекітеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету регламентін әзірлеу жөніндегі әдіснамалық көмекті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

«15-1-бап. Мемлекеттік қызметтер көрсету

1. Мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдары, өзге де жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік қызметтер көрсету субъектілері болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет мемлекеттік қызмет көрсету стандартының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік қызметтер көрсету тізілімін бекітеді.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету субъектілері оны көрсету үшін мемлекеттік органдардан, өзге де мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардан қосымша ақпарат алу қажет болатын қызметті ұсыну кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбеген болса, жеке және заңды тұлғалардан оны талап етпей қажетті ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге тиіс.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсету тізілімін жүргізуді және мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгілік стандартын жетілдіруді мемлекеттік қызметтер көрсету тізілімін қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына мониторинг жүргізу және оны бағалау үшін ақпарат жинауды ұйымдыстыруды мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз ететін орталық мемлекеттік органдар жүзеге асырады.».

5. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 жылғы 2 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жергілікті бюджеттің, аумақты дамыту бағдарламаларының атқарылуына бақылау жасау;».

2) 16-баптың 1-тармағының екінші бөлігі «санын» деген сөздің алдынан « мемлекеттік қызметшілер» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 27-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында: «дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын» деген сөздер «дамыту бағдарламасын» деген сөздермен ауыстырылсын; «мен бюджеттік параметрлердің» деген сөздер алып тасталсын; «олардың» деген сөз «оның» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-8) тармақшамен толықтырылсын: «1-8) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеп, мақұлдайды және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасын мәслихаттың бекітуіне ұсынады , оның орындалуын қамтамасыз етеді;».

6. «Қазақстанның Даму Банкі туралы» 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 9, 85-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 83-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 15, 85-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 11, 37-құжат; № 23, 105-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат):

11-баптың 2-тармағындағы «экономикалық» деген сөз «мемлекеттік» деген сөзбен ауыстырылсын.

7. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар):

1) 14-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын: «2-1) жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету тәртібін айқындайды;»;

2) 17-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын: «7-1) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;»;

3) 1 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын: «жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдау.»;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын: «2-1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау:

1) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кепілдік берілген к ө л е м і н с а т ы п а л у ;

2) екінші деңгейдегі банктер арқылы кредит беруді ұйымдастыру;

3) экономика салаларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және

- іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;
- 4) арнайы инвестициялық бағдарламаларды іске асыру;
- 5) бюджет қаражаты есебінен қарыздар беру;
- 6) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржы институттары беретін кредиттер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау;
- 7) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне ішінара кепілдік беру;
- 8) лизинг жолымен жүзеге асырылады.

2-2. Мемлекеттік қаржылық қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі жүзеге асырылатын экономика саласын (салаларын) қаржылық қолдау тәртібін, нысанын, мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін тартылатын заңды тұлғаны (тұлғаларды), қаржылық қолдау мөлшері мен мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін қажетті басқа да талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

7-тармақтың бірінші бөлігіндегі «қаржылық қолдауды мемлекет тарапынан» деген сөздер «мемлекет тарапынан қаржылық қолдауды, оның ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 19-баптың 3-тармағының 5) тармақшасындағы «қарыздар беру жолымен жүзеге асырылады.» деген сөздер «қарыздар беру;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

- «6) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржы институттары беретін кредиттер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау;
- 7) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеріне ішінара кепілдік беру;
- 8) лизинг жолымен жүзеге асырылады.».

8. «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 14, 88-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 24, 133-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган», «экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға», «Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган», «экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен» деген сөздер тиісінше «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган», «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға», «Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган», «мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

8-1) тармақшадағы «8-1)» деген цифрлар «8-2)» деген цифрлармен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 8-1), 8-3), 8-4) және 8-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу – конкурстық құжаттамаларды, концессия шарттарының жобаларын әзірлеуді, конкурсқа қатысушымен комиссияның келіссөздер жүргізу процесінде консультациялық қызметтер көрсетуді қамтитын тәуелсіз сарапшылар көрсететін қызметтер;»;

«8-3) концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі – маркетингтік, техникалық-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық зерттеулердің нәтижелерін, сондай-ақ концессиялық жобаны іске асырудың орындылығы мен мүмкіндігін негіздейтін институционалдық шешімдерді, қаржылық шешімдерді, тәуекелдерді бағалау және оларды концессиялық жобаға қатысушылар арасында бөлу, қажет болған жағдайда мемлекеттік қолдау түрлері мен мөлшерін айқындау жөніндегі, сондай-ақ жобаны іске асыру кезінде оның мемлекеттік бюджетке және тұтастай экономиканың және оның саласының дамуына әлеуметтік-экономикалық нәтижеге ықпал етуі жөніндегі шешімдерді қамтитын жоба алдындағы құжат;

8-4) концессиялық ұсыныс – концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін одан әрі дайындау мақсатында мемлекеттік орган әзірлейтін тиісті іс-шаралардың жиынтығын қоса алғанда, концессиялық жобаның мақсатын, оған қол жеткізу жолдарын көрсететін тұжырымдамасы;

8-5) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган – стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;»;

11) тармақша алып тасталсын;

3) 7-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар концессия шарты бойынша қызметін жүзеге асыру барысында концессионер өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тұтынушылары бола алады.»;

4) 8 - б а п т а :

4) тармақшадағы «(бұдан әрі – ұсыныс)» деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

5) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның өкілеттіктері

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган:

1) м ы н а л а р д ы :

концессиялық ұсыныстардың экономикалық сараптамасын;

концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесінің (бұдан әрі – техникалық-экономикалық негіздеме) экономикалық сараптамасын;

конкурстық құжаттаманың, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі с а р а п т а м а с ы н ;

концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдердің сараптамасын; концессия шарттары жобаларының, оның ішінде концессия шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі сараптамасын; концессионердің мемлекет кепілгерлігін алуға арналған ұсыныстарының с а р а п т а м а с ы н ;

концессиялық жобалардың, оның ішінде бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен іске асырылуына бағалауды жүргізу үшін концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымды тартады;

2) техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық сараптамасының нәтижелерін ескере отырып, тізбені қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

3) конкурстық құжаттаманы және концессия шарттарын, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде келіседі;

4) концессиялық міндеттемелерді қабылдаудың қаржылық шектері мен б а с ы м д ы қ т а р ы н белгілейді;

5) концессия объектісінің құнын және концессионер қызметін мемлекеттік қолдаудың жиынтық құнын айқындау әдістемесін бекітеді;

6) техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарды айқындайды;

7) концессиялық ұсыныстарды, конкурстық құжаттаманы, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді және концессия шарттарының жобаларын сараптауға қойылатын т а л а п т а р д ы а й қ ы н д а й д ы ;

8) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

6) 1 0 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты конкурстық құжаттаманы және концессия шартының жобасын, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде келіседі;»;

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

7) 1 1 - б а п т а :

1) тармақша «табыс ететін» деген сөздерден кейін «концессиялық» деген сөзбен

толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

8) 12 - бапта :

1) тармақша «объектілер бойынша» деген сөздерден кейін «концессиялық» деген сөзбен толықтырылсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес қаржыландыру жүзеге асырылатын концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартады.»;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

9) осы заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

9) 13 - бапта :

1) тармақша «объектілер бойынша» деген сөздерден кейін «концессиялық» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

10) 14 - бапта :

1-тармақ «Концессионерлердің» деген сөздің алдынан «1.» деген цифрмен толықтырылып, 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) концессионерге мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне ерекше құқықтардың берілуі;»;

2-1-тармақтағы «2), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларына» деген сөздер «5) тармақшасына» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 15-баптың 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «концессиялық ұсыныстарды іріктеу;»;

12) 15-1-бап мынадай редакцияда жазылсын: «15-1-бап. Концессиялық ұсыныстарды дайындау

1. Концессиялық ұсыныстарды тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын әзірлеу сатысында жеке немесе заңды тұлғалардың жеке бастамасы тәртібімен енгізген ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі

Ұ С Ы Н А Д Ы .

2. Концессиялык

1) саланың одан әрі дамуына ықпал ететін ағымдағы жай-күйінің проблемаларын;

2) концессиялық жоба мақсаттарының салада орын алған проблемаларды шешуге с ә й к е с т і г і н ;

3) концессионердің және концессионер ұсынатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылардың мүдделері теңдестірілімдігін қамтамасыз ету принципін негізге ала отырып, концессиялық жобаны іске асырудың балама нұсқаларын ;

4) концессиялық жобаны іске асырған және мұндай іске асыру болмаған жағдайда
с а л а д а ғ ы а х у а л д ы ;

5) концессиялық жобаны іске асырудан түскен пайданы бөлуді;

б) концессиялық жобаны іске асырудың экономиканың сабақтас саласына (аясына) болжамды мультипликативті әсерін бағалауды қамтитын салалық сараптамаға жатады.

3. Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы республикалық меншікке жататын және осы Заңның 16-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген концессия объектілері бойынша концессиялық ұсыныстарды республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісуге тиіс.

4. Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органдары және жергілікті атқарушы органдар концессиялық ұсыныстардың негізділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

5. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық ұсыныстарға экономикалық сараптама жүргізу үшін концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымды тартады және оның қорытындысы негізінде техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды тиісті бюджет комиссияларының қарауына енгізеді.

6. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыруға қаражат бөлу тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

13) мынадай мазмұндағы 15-2-баппен толықтырылсын:

«15-2-бап. Техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар

жүргізу

1. Бюджет комиссиялары мақұлдаған концессиялық ұсыныстардағы концессиялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу немесе түзету жүзеге асырылады.

2. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарды мемлекеттік жоспарлау

жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

3. Техникалық-экономикалық негіздеме пайда мен шығынды экономикалық талдау негізінде жүргізілетін концессиялық жобаның жүзеге асырылуын және тиімділігін зерделеу нәтижелерін қамтиды.

Техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға әкеп соғатын концессиялық жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен қажетті сараптамалар жүргізіле отырып, техникалық-экономикалық негіздемеге түзету жасалады.

4. Әзірленген немесе түзетілген техникалық-экономикалық негіздемесіне қажетті сараптамалар жүргізілгеннен кейін тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы оны экономикалық сараптама жүргізу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

5. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әзірленген немесе түзетілген техникалық-экономикалық негіздемеге экономикалық сараптама жүргізу үшін концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымды тартады, ол осы Заңда айқындалған мемлекеттік қолдау түрлерін ұсынады.

6. Концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым концессиялық жобаны іске асыру жөніндегі ұсынылатын шешімдердің экономикалық сараптамасының сапасы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.»;

14) 16 - б а п т а :

3-тармақтағы «стратегиялық, орта мерзімді бағдарламаларға, республиканың даму жоспарларына, орта мерзімді фискалдық саясатқа» деген сөздер «республиканың стратегиялық даму жоспарларына» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Тізбеге енгізілмеген объектілер бойынша тиісті хабарламалар тиісті ұсыныстарды табыс еткен мемлекеттік органдарға олардың қабылданбауының дәлелді негіздемесімен бірге жіберіледі.

5. Концессияға берілмеген концессия объектілері келесі орта мерзімді кезеңге арналып қалыптастырылатын тиісті тізбеге енгізіледі.»;

15) 17-баптың 1-тармағының 6) және 10) тармақшаларындағы «концессиялық жобаның бағасы», «концессиялық жобаның бағаларын» деген сөздер тиісінше «концессия объектісінің құны», «концессия объектісінің құндарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 18 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасындағы «концессиялық жобаның» деген сөздер «концессия объектісінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Егер әлеуетті концессионер концессиялық жобаны іске асыру мақсатында

жеке және (немесе) заңды тұлғалар құрған жаңа заңды тұлға болып табылса, онда:

1) әлеуетті концессионер осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс;

2) жаңа заңды тұлғаның құрылтайшылары ретінде әрекет ететін заңды тұлғалар осы баптың 1-тармағының 2), 3) және 5) тармақшаларының талаптарына сәйкес келуге тиіс;

3) жаңа заңды тұлға құрған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жиынтық өз капиталы осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасының талаптарына сәйкес келуге тиіс .

» ;

2-тармақтың үшінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

17) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Концессионерді айқындау және концессия шартын жасасу

1. Комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақытта және орында ашады.

Конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті конкурстық өтінімдердегі концессиялық өтінімдерді оларға сараптама жүргізу ү ш і н ж і б е р е д і .

Конкурсты ұйымдастырушы қажет болған жағдайда конкурстық құжаттаманы, концессия шартының жобасын әзірлеу, тиісті конкурстық өтінімдегі ұсынылған концессиялық өтінімдерді тәуелсіз бағалау, сондай-ақ әлеуетті концессионерлермен келіссөздерге қатысу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

Конкурсты ұйымдастырушы тәуелсіз сарапшыларды тарту үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға концессиялық жобаны консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді қаржыландыруға арналған өтінімді жібереді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджет комиссиялары мақұлдаған әрбір концессиялық жобаны консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтердің тізбесін қалыптастырады.

Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Комиссия концессиялық өтінім және әлеуетті концессионерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау жөніндегі қорытындыларды ескере отырып, конкурсқа қатысушылар табыс еткен барлық конкурстық өтінімдерді қарайды.

Егер конкурс үшінші рет өткізілетін және конкурсқа қатысуға бір ғана конкурстық

өтінім табыс етілген жағдайда, комиссия осы өтінімде табыс етілген концессиялық жобаны оның іске асырылу мүмкіндігі тұрғысынан қарайды.

3. Комиссия концессиялық өтінімі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жобаларға қойылатын критерийлер негізінде үздік деп танылған конкурсқа қатысушымен концессиялық жобаны және концессия шартының талаптарын нақтылау жөнінде келіссөздер жүргізеді.

4. Келіссөздерді дайындау шеңберінде концессиялық жоба мен концессия шарты бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды комиссия өтінім берушіге жазбаша нысанда жіберуге тиіс.

Келіссөздер жүргізудің қорытындылары бойынша олардың нәтижелері туралы комиссияның тиісті шешімі қабылданады.

Келіссөздер барысында конкурстың талаптарына, сондай-ақ концессиялық өтінімнің бастапқы параметрлері мен сипаттамасына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

5. Егер концессиялық өтінімі үздік деп танылған конкурсқа қатысушы комиссияның ескертпелері мен ұсыныстарына сәйкес концессиялық өтінімді және концессия шартының талаптарын талқылаудан және нақтылаудан бас тартса не оның ұсыныстары конкурс талаптары тұрғысынан пайдалануға келмейтін болса, онда комиссия бұл концессиялық өтінімді қарамайды және концессионерді таңдау жөніндегі ашық конкурсты өткізу арқылы үздік концессиялық өтінімді қайтадан таңдайды.

6. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары бойынша комиссияның шешімімен концессиялық өтінім бекітіледі, ал өтінім беруші конкурстың жеңімпазы болып танылады.

Комиссияның шешімі хаттама түрінде ресімделеді.

7. Конкурсты ұйымдастырушы комиссияның шешімі негізінде конкурс жеңімпазымен концессия шартын жасасады.

8. Концессия шартын жасасу мерзімі конкурстың қорытындысы шығарылған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен аспауға тиіс.

9. Ұйымдастырушы мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, концессионерді таңдау жөніндегі конкурстардың нәтижелері туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.»;

18) 26-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы «шаралары» деген сөз «түрлері» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17

, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар):

1) 1-баптың 12) тармақшасы «өтемді қызмет көрсету шарттары бойынша» деген сөздерден кейін «, мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-баптың 10-тармағының 2) тармақшасындағы «тапсырыс берушінің бюджеттік бағдарламасының паспортына,» деген сөздер «мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, тапсырыс берушінің» деген сөздермен ауыстырылып, «шығаратын өзгерістер» деген сөздерден кейін «мен толықтырулар» деген сөздермен толықтырылсын.

10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 24, 134-құжат):

2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2) т а р м а қ ш а д а :

«28) тармақшасының жетінші – оныншы, он үшінші – он алтыншы» деген сөздер «28) тармақшасының бесінші – сегізінші, он бірінші – он үшінші» деген сөздермен ауыстырылсын;

«63) тармақшасының екінші – сегізінші» деген сөздер «63) тармақшасының екінші – жетінші» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) т а р м а қ ш а д а :

«28) тармақшасының екінші – алтыншы, он бірінші, он екінші, он жетінші» деген сөздер «28) тармақшасының екінші – төртінші, тоғызыншы, оныншы, он төртінші» деген сөздермен ауыстырылсын;

«63) тармақшасының тоғызыншы – он бірінші» деген сөздер «63) тармақшасының сегізінші – оныншы» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-бабының 1-тармағы 57) тармақшасының алпыс үшінші абзацын, 8-тармағы 12) тармақшасының он екінші абзацын қоспағанда, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев*